

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОНЫ САҚТАУ

Жоламанова А.Ғ., Бакирова И.Д.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті жалпы білім беретін мектептердің Назарбаев Зияткерлік мектептері деңгейінде білім беруге көшу қажеттілігі туралы айтты. Бұл орта білім берудің болашақ даму бағытын айқындайды.[1]

Ұлт – бұл белгілі бір мемлекеттің азаматтарынан құралған саяси қауымдастық. Қазақстанда тұрып, оның азаматы бола отырып, адам өзін қазақ, орыс, өзбек, неміс немесе басқа этнос өкілі ретінде таниды, бірақ олардың барлығы бірігіп – қазақстандық ұлтты құрайды.

Тәрбие тұжырымдамалық негіздерінде тәрбиенің басты мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру деп көрсетілген. Тәрбиелік жұмыстың басым бағыттары айқындалған, олардың ең бастысы – қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу.

Ұлттық идеяның негізінде Тәуелсіздік жатыр. «Тәуелсіздік – бұл халқымыздың бірегей тарихы мен мәдениеті, мемлекеттік тілі және барлық қазақстандықтардың этникалық тілдеріне деген құрметпен байланысты Ұлы бірлігі. Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы – Мәңгілік Ел».

Осы идеяны жүзеге асыру аясында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер мазмұнына Мемлекет басшысының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы «Тәуелсіздік туралы сөз» атты баяндамасының мәтіні енгізілді. Пәндерді оқыту оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін, азаматтық жауапкершілігін, ұлттық өзін-өзі тануын және төзімділікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Білім беру – кез келген мемлекеттің өркендеуінің басты тірегі. Қазақстанда білім беру жүйесінің басты мақсаты – жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман талабына сай жан-жақты дамыған, елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын тұлға тәрбиелеу. Тұлғаның рухани-адамгершілік, азаматтық- патриоттық, зияткерлік тұрғыдан қалыптасуы – білім мен тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі тарапынан бірқатар стратегиялық құжаттар қабылданып, білім беру мазмұны жаңартылуда.

Қазіргі таңда мектеп тек білім беретін орын ғана емес, сонымен қатар ұлттық тәрбие мен азаматтық жауапкершілік қалыптастыратын рухани ортаға айналуы қажет. Мұғалімдердің басты міндеті – өскелең ұрпақтың бойына елжандылық, адамгершілік, толеранттылық сияқты қасиеттерді дарыту. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тірегі. Сол себепті ұлттық идеямен қаруланған, елінің мәдениетін, тарихын, тілін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу – елдің болашағына қосылған баға жетпес үлес.

«Мәңгілік Ел» – бұл біздің барша қазақстандық ортақ үйіміздің ұлттық идеясы, ата-бабаларымыздың арманы. Егемен даму жылдарында барлық қазақстандықтарды біріктіретін және еліміздің болашағының ірғетасы болып табылатын басты құндылықтар қалыптасты. Бұл құндылықтар қиялдан туған емес – олар уақыт сынынан өткен Қазақстан жолының тәжірибесіне негізделген.

Біріншіден – Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана.

Екіншіден – ұлттық бірлік, қоғамдағы бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден – индустрияландыру мен инновацияға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан – ортақ тарих, мәдениет және тіл.

Жетіншіден – ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жаһандық және өңірлік мәселелерді шешуге қатысуы.

Осы құндылықтардың арқасында біз әрдайым жеңіске жетіп, елімізді нығайтып, үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Бұл мемлекетті құраушы, бүкілхалықтық құндылықтар Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізін құрайды.

«Халықтың өмірі әр ұрпағымен бірге жалғасып, байып отырады, – деді Президент. – Сондықтан Елдің Мәңгілігі туралы арманнан биік арман жоқ. «Мәңгілік Ел» – бұл ертеңгі күнге жол ашатын

идея, болашаққа деген сеімді білдіретін, қайтымсыз әрі мызғымас тұрақтылықтың символы...».

«Біз, Қазақстан Республикасының азаматтары, қоғам мен мемлекеттің жоғарғы мүдделерінен туындай отырып, ортақ тағдырмен және тарихи жадпен байланысқан, ежелгі қазақ жерінде өмір сүріп жатқан, Ұлы Дала Елі – Ұлы Түрленген Дала Мемлекетінің даңқты тарихы мен дәстүрлерінің жалғастырушылары ретінде, көптеген ұрпақтардың Тәуелсіздік туралы арманын жүзеге асырып, келешек ұрпақ алдындағы қасиетті борышымызды, бейбітшілік пен келісімнің, бірлік пен тұтастықтың маңызын сезіне отырып, Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында «Мәңгілік Ел» атты осы патриоттық актіі қабылдаймыз».

«Мәңгілік Ел» идеясының негізі – мектепте қалануы тиіс. Осы идеяны жүзеге асыру шеңберінде мектепте мақсатты түрде тәрбие мен білім беру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Пәндерді оқыту – оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін, азаматтық жауапкершілігін, ұлттық сана-сезімін және толеранттылықты қалыптастыруға бағытталуы қажет.

Сондай-ақ, зайырлы құндылықтарды нығайту, терроризм мен экстремизм идеяларын жастардың саналы түрде қабылдамауын қалыптастыру, көпэтносты Қазақстан жағдайында тиімді қарым-қатынас жасауды үйрету де негізгі міндеттердің бірі болуы керек.

Мұғалімдердің міндеті – шығармашыл әрі дарынды, жақындарын, халқын, Отанын сүйетін, шын мәнінде өз елінің азаматы бола алатын тұлғаны тәрбиелеу.

Тиімділікке қол жеткізу үшін тек білім мен дағды беру ғана емес, сонымен қатар баланың жеке тұлғалық қасиеттерін, рухани дүниесін дамыту қажет. Бұл – оларды өз еліне лайықты азамат етін қалыптастырудың алғышарты.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – бұл қазіргі қазақстандық қоғам дамуының бағдары болып табылады және оны бүгінгі мұғалім басшылыққа алуы тиіс. Бұл идеяның негізі мектеп қабырғасында қалануы қажет. Осы идеяны жүзеге асыру аясында мектебімізде мақсатты түрде оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілуде. Пәндерді оқыту оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, ұлттық өзіндік сананы және толеранттылықты дамытуға, зайырлы құндылықтарды нығайтуға, жастардың терроризм мен экстремизм идеяларын саналы түрде қабылдамауын қалыптастыруға, полиэтносты Қазақстан жағдайында тиімді қарым-қатынас жасауға бағытталған.

Өз Отанының азаматы әрі патриоты болу – бұл белсенді азаматтық ұстанымға ие болу, өз құқықтарын сауатты пайдалана білу, міндеттерін адал әрі жауапкершілікпен орындау деген сөз. Бұл – еңбекқор болу, көмекке мұқтаж жандарға қамқорлық таныту, елінің өткеніне, бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілік пен ортақтықты сезіну.

Ұлттық құндылықтарды сақтау бойынша ұсынылатын іс-шаралар:

- Білім беру бағдарламаларын ұлттық мазмұнмен байыту
- Оқулықтар мен оқу құралдарына ұлттық тарих, әдебиет, мәдениет элементтерін енгізу.
- Мектеп бағдарламасына халықтық педагогика элементтерін қосу.
- Тәрбие сағаттары мен арнайы іс-шаралар ұйымдастыру
- Ұлттық мерекелер мен атаулы күндерге арналған мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу.
- «Ұлттық құндылықтар апталығы» сияқты арнайы жобалар.
- Отбасылық құндылықтарды насихаттау
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнату арқылы балаларға ұлттық тәрбиенің маңыздылығын жеткізу.

- Ұлттық салт-дәстүрлерді үйде насихаттау мен қолдану.
- Тұлғалық үлгілерді ұсыну
- Ұлттық қаһармандар, ақындар, жазушылар, ғалымдар туралы тәрбие жұмыстары.
- Заманауи тұлғаларды үлгі ретінде көрсету, олар арқылы құндылықтарды түсіндіру.
- Көркем өнер және халық шығармашылығын дамыту
- Домбыра, күй, ұлттық би, қолөнер үйірмелерін ашу.
- Ұлттық киім мен ас мәзірін насихаттайтын іс-шаралар.
- Ақпараттық технологияларды пайдалану
- Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын бейнероликтер, мультфильмдер мен онлайн-курстар жасау.

- Әлеуметтік желілерде ұлттық идеологияны қолдайтын парақшалар жүргізу.
- Мұғалімдер мен тәрбиешілерге арналған арнайы курстар
- Ұлттық құндылықтар бойынша семинарлар, тренингтер ұйымдастыру.

- Тәрбие жұмысына ұлттық бағыт беретін әдістемелерді үйрету.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында патриотизм мен азаматтылықты қалыптастыру әрбір білім беру ұйымының жұмысындағы міндетті мақсатты бағдар болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұнында баланың жеке тұлғасын дамыту, сыни ойлау, өмірлік дағдылар қалыптастыру басты назарда. Бірақ осының бәрі ұлттық негізде құрылса ғана жас ұрпақ өз тамырынан ажырамай, заман талабына сай дамып отырады. Мысалы, халықтық педагогиканың озық үлгілерін оқу бағдарламасына енгізу, халық ауыз әдебиеті, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, ертегілер, батырлар жыры арқылы тәрбие беру — балалардың ұлттық санасын арттыруда үлкен рөл атқарады.

Ұлттық құндылықтарды сақтаудың тағы бір маңызды жолы – білім беру үдерісін цифрландыруды тиімді пайдалану. Қазіргі таңда интернет, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар, электронды оқулықтар арқылы жастарға қазақ тілінде, ұлттық мазмұндағы сапалы контент ұсынуға болады. Осы арқылы олар ұлттық тарих пен мәдениетті, ұлы тұлғаларды тереңірек танып, рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Сонымен қатар, ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен ұлттық көзқарасы да ерекше маңызға ие. Мұғалім – тек білім беруші емес, сонымен бірге ұлттық тәрбиешінің рөлін атқарады. Сондықтан педагог кадрларды даярлау мен қайта даярлау курстарында ұлттық құндылықтарды оқыту, халықтық педагогиканы меңгерту, ұлттық дүниетаным негіздерін үйрету – заман талабы.

Қорыта айтқанда, «Мәңгілік Ел» – тек ұран емес, бұл – халқымыздың болашаққа деген сенімі, ұлттық бірлікті нығайтатын басты идея. Бұл идеяны жүзеге асыру – әрбір ұстаздың, әрбір ата-ананың және барша қоғамның ортақ міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Казахстанская правда газеті. № 437–438. 15.12.2012.
2. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде тәрбиелеу / Ж.А. Мақатова, А.Д. Танатова, Л.А. Дорожкина. – Алматы: «Өрлеу» БАҰО» АҚ, 2017. – 73 б.
3. Өзекті саяси үлкен энциклопедия. — М.: Эксмо, А.В. Беляков, О.А. Матвейчев. 2009 ж.
4. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан жастарының II конгресінде сөйлеген сөзі, Астана, 2002 жыл.
5. <https://articlekz.com/article/21540> – «МӘНГІЛІК ЕЛ» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтық негіздері Қазақстандық бірегейлікті нығайтушы фактор ретінде.

ӘОЖ 378

## САЛТАНАТ ҚУАТҚЫЗЫ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БІЛІКТІ, ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ҒАЛЫМЫ

Жуматаева Е.Ө.

«Торайғыров университет» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан дәуірінде «Қасында жүр жақсылар» деген болашақ қамын ойлауға тірек болар жан қуатына дауа ұғымға мән бермеушілік белең алуда. Заман түзелгеннен бері осы Заман ғалымдарын ұлықтау әдебі күннен - күнге орындалмай келеді. Мұның өзі кейінгі ұрпаққа алдыңғы ғасырларға еңбек сіңірген ғұламаларды айта беруіміздің таптаурын (стереотип) болуына әкелері сөзсіз.

Кешегі зұлмат заманда соғыстың бетін әрі буруға себеп болған Жезқазған жерінен бүгінгі күннің ғылымын жас бүлдіршіндерге арнаған, өзінің ұлттық құндылығын педагогика ғылымының ауқымындағы тәрбиенің адамгершілік нысанына бағамдаған Абильдина Салтанат Қуатқызы 1970 жылдың мамырында дүние есігін ашқан. 1989 жылы Жезқазған педагогикалық училищесін үздік бітірін, КарПИ-дың педагогика факультетіне «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1993 жылы үздік тәмамдады. Салтанаттың осы жолынан аңғарғанымыз: алдымен өзінің оқыған педагогикалық училищесін және оған деген сүйіспеншілігін байқау қиын емес. 1993 жылдан бастап КарПИ-де Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасында жұмыс істей бастады. Байқап отырғанымыздай, баяғы кәсіби азбукасын сабақтастыру қағидасымен жалғаструы, өз ісіне тұрақтылық тұрғыда қарауын аңғартады.